

Т.К. Рахимжанова^{1*}, **А.Т. Тлеубаева¹**,
С.Р. Есімжанова², **Н. Юзбашоғлу³**

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан

³Ақдениз университеті, Анталия, Түркия

*e-mail: toty.kasenovna@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІНДЕ ESG-ҚАҒИДАТТАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕТІКТЕРІ

Бүгінгі таңда ESG мәселелері жаһандық деңгейдегі күн тәртібінің маңызды сұрағы болып отырғанына байланысты тұрақты даму қағидаларын туризм саласына енгізу оны трансформациялаудың маңызды бағыттарының бірі болмақ. Қазақстан үшін бұл үдеріс экономиканы институционалдық әртараптандырумен, өңірлік бәсекеге қабілеттілікті және инвестициялық тартымдылықты арттырумен тікелей байланысты. Елімізде стратегиялық құжаттар мен нормативтік-құқықтық негіздің қалыптасқанына қарамастан, туризм саласына ESG қағидаларын енгізу шектеулі сипатқа ие және экономикалық қатысушылар үшін қосымша қаржылық, адами, техникалық ресурстарды қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның туризм саласына ESG қағидастарын енгізудің экономикалық тетіктерін анықтау және ғылыми тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ туристік кәсіпорындар үшін ESG енгізуді қосымша қаржылық жүктеме ретінде қабылдауды төмендету жолдарын айқындау және олардың туризм секторының тұрақты дамуындағы, инвестициялық тартымдылығын арттырудағы рөлін талдау.

Зерттеу нәтижелері ESG-қағидастарын салалық деңгейде енгізудегі негізгі шектеуші факторлар мемлекет тарапынан енгізілген реттеуші талаптар мен экономикалық ынталандырулар арасындағы теңгерімсіздікпен байланысты екенін көрсетеді. Мақсатты қаржылық құралдар жеткіліксіз болған жағдайда мемлекет тарапынан күшейтілген нормативтік талаптар шағын және орта бизнес субъектілері үшін қосымша қаржылық шығынның артуына әкеледі. Осыған байланысты жеңілдетілген қаржыландыру тетіктерін, ESG сертификаттау құралдарын, тәуекелдерді бөлу механизмдерін және жасыл қаржылық құралдарын енгізу инвестициялық кедергілерді төмендетуге, тұрақты инвестициялардың экономикалық тиімділігін арттыруға ықпал ететіні негізделеді.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – ESG-қағидастарын туризм саласына енгізу мәселесін экономикалық ынталандыру жүйесі ретінде институционалдық және статистикалық, экономикалық тұрғыдан кешенді талдаумен байланысты. Зерттеу туризм саласында ESG-трансформациясын қамтамасыз ететін экономикалық тетіктердің рөлін айқындап, туристік сектордың тұрақты дамуы мен инвестициялық тартымдылығын арттырудың теориялық негіздерін нақтылайды. Зерттеудің практикалық маңыздылығы – ұсынылған тетіктердің тұрақты туризмді дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда, туристік инфрақұрылымды жаңғырту бағдарламаларын жетілдіруде және Қазақстанның туристік индустриясына инвестициялар тартуға бағытталған экономикалық құралдарды қалыптастыруда қолданылуы мүмкіндігімен анықталады.

Түйін сөздер: ESG қағидастары, тұрақты туризм, экономикалық тетіктер, мемлекеттік реттеу, инвестициялық тартымдылық.

T.K. Rakhimzhanova^{1*}, A.T. Tleubayeva¹,
S.R. Yessimzhanova², N. Yuzbasioglu³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²K. Sagadiyev University of International Business, Almaty, Kazakhstan

³Akdeniz University, Antalya, Turkey

*e-mail: toty.kasenovna@gmail.com

Economic mechanisms for implementing ESG-principles in Kazakhstan's tourism industry

With the ESG agenda's global spread, the implementation of sustainable development principles is becoming a significant direction for the tourism industry's transformation. This process is particularly valuable for Kazakhstan, for its economic and institutional diversification of an economy, attracting

documents and regulatory framework, the implementation of ESG principles in the nation's tourism sector remains to be limited and requires additional financial, human, and technical resources for economic actors.

The aim of the study is to identify and scientifically substantiate the economic mechanisms for introducing ESG principles into Kazakhstan's tourism sector, as well as identifying ways to reduce the perception of ESG implementation as an additional financial burden for tourism enterprises and analysing their role in the sustainable development of the tourism sector and in increasing its investment attractiveness.

The study's findings indicate that the main constraints to the implementation of ESG principles at the industry level are the imbalance between regulatory requirements and economic incentives introduced by the government. In the absence of targeted financial instruments, tightening regulatory requirements by the government will lead to additional financial costs for small and medium-sized enterprises. Therefore, it is reasonable to suggest that the introduction of simplified financing mechanisms, ESG certification instruments, risk-sharing mechanisms, and "green" financial instruments will help reduce investment barriers and improve the economic efficiency of sustainable investments.

The scientific significance of this study lies in its comprehensive analysis of the implementation of ESG principles in the tourism industry as a system of economic incentives, from both institutional and statistical-economic perspectives. The study identifies the role of economic mechanisms that support ESG transformation in the tourism sector and clarifies the theoretical foundations for sustainable development and enhancing the investment attractiveness of the tourism sector. The practical significance of this study lies in the potential use of the proposed mechanisms in implementing public policy aimed at developing sustainable tourism, improving tourism infrastructure modernization programs, and developing economic instruments aimed at attracting investment in Kazakhstan's tourism industry.

Keywords: ESG principles, sustainable tourism, economic mechanisms, government regulation, investment attractiveness.

Т.К. Рахимжанова^{1*}, А.Т. Тлеубаева¹,
С.Р. Есимжанова², Н. Юзбашиоглу³

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Международный университет бизнеса имени К. Сагадиева, Алматы, Казахстан

³Университет Акдениз, Анталья, Турция

*e-mail: toty.kasenovna@gmail.com

Экономические механизмы внедрения ESG-принципов в туризме Казахстана

С глобальным распространением повестки дня ESG внедрение принципов устойчивого развития становится важным направлением трансформации туристической индустрии. Этот процесс особенно ценен для Казахстана с точки зрения диверсификации экономики и институтов, привлечения инвестиций и повышения региональной конкурентоспособности. Однако, несмотря на принятие стратегических документов и создание нормативно-правовой базы, внедрение принципов ESG в туристическом секторе страны остается ограниченным и требует дополнительных финансовых, людских и технических ресурсов от экономических субъектов.

Цель исследования – выявить и научно обосновать экономические механизмы внедрения принципов ESG в туристическую отрасль Казахстана, а также определить пути снижения восприятия внедрения ESG как дополнительной финансовой нагрузки для туристических предприятий и проанализировать их роль в устойчивом развитии туристического сектора и повышении его инвестиционной привлекательности.

Результаты исследования показывают, что основными ограничивающими факторами внедрения принципов ESG на отраслевом уровне являются дисбаланс между нормативными требованиями и экономическими стимулами, вводимыми государством. В отсутствие целевых финансовых инструментов ужесточение нормативных требований со стороны государства приведет к дополнительным финансовым затратам для малых и средних предприятий. В этой связи оправдано, что внедрение упрощенных механизмов финансирования, инструментов ESG-сертификации, механизмов распределения рисков и «зеленых» финансовых инструментов будет способствовать снижению инвестиционных барьеров и повышению экономической эффективности устойчивых инвестиций.

Научная значимость исследования связана с всесторонним анализом вопроса внедрения принципов ESG в туристическую отрасль как системы экономических стимулов, как с институциональной, так и со статистически-экономической точки зрения. В исследовании определяется роль экономических механизмов, обеспечивающих ESG-трансформацию в туристическом секторе, и уточняются теоретические основы устойчивого развития и повышения инвестиционной привлекательности туристического сектора. Практическая значимость исследования определя-

ется возможностью использования предложенных механизмов при реализации государственной политики, направленной на развитие устойчивого туризма, совершенствование программ модернизации туристической инфраструктуры и формирование экономических инструментов, направленных на привлечение инвестиций в туристическую отрасль Казахстана.

Ключевые слова: принципы ESG, устойчивый туризм, экономические механизмы, государственное регулирование, инвестиционная привлекательность.

Кіріспе

Әлемдік экономикалық өзгерістер мен тұрақтылық мәселелеріне деген қызығушылықтың күшеюі ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) тұжырымдамасының мазмұнын арттырды. Алғашқыда жауапты бизнеске арналған ерікті ұстанымдар жиынтығы ретінде қалыптасқан ESG бүгінде корпоративтік басқару сапасын және әлеуметтік-экономикалық салдарын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік беретін жүйелі құрылымға айналып отыр. ESG теориясы экологиялық және әлеуметтік тәуекелдермен ғана шектелмей, экономикалық тиімділікті басқарушылық факторымен үйлестіру арқылы кәсіпорынның ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі таңда ESG стратегиялық басқару құралы, инвесторлар, қоғам мен мемлекет тарапынан сенімді нығайтудың тетігі, экономикалық тұрақты даму моделінің ажырамас бөлігіне айналды (Субхонбердиев & Камынина, 2024).

Туризм саласы үшін ESG критерийлері ерекше маңызға ие, себебі туризм қоршаған ортаға тікелей әсер етеді, жергілікті қауымдастықтарға әлеуметтік ықпалы зор, сондай-ақ инвестициялық сенімділікті күшейту, саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін шешуші рөл атқарады.

Қазақстанда мемлекеттік климаттық саясаты іске асыру, «жасыл» қаржы нарығын дамыту және экономиканы құрылымдық әртараптандыру жағдайында ESG күн тәртібінің маңызы тұрақты түрде артып келеді. Тұрақты даму бойынша қабылданған мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламаларда, соның ішінде туризм саласын дамыту бойынша маңызды институционалдық құжаттарда ESG-қағидаттары ұзақ мерзімді экономикалық өсімді және инвестициялық тартымдылықты күшейту құралы ретінде айқындалады. Дегенмен, ESG-қағидаттарын салалық енгізуді іске асыру бүгінде едәуір күрделірек сипатқа ие болып отыр. Мұны бірнеше құрылымдық себептермен түсіндіруге болады.

Біріншіден, мемлекет тарапынан ESG стандарттарына сәйкес туризм саласы үшін қар-

жылық емес есептілікті міндеттеу талаптары қалыптаспағандықтан ESG қағидаттарын іске асыруға институционалдық ынталандыру жеткіліксіз болып отыр.

Екіншіден, ESG-қағидаттарын енгізу туризм кәсіпорындары үшін қосымша қаржылық шығындар, ұйымдастырушылық, басқарушылық қиындықтар ретінде қабылданып отыр (Орлова, 2023), ал оның ұзақ мерзімді экономикалық тиімділігі айқындалмаған. Нәтижесінде ESG-қағидаттары туристік кәсіпорындар үшін экономикалық тиімділік көзі ретінде емес, сыртқы талап ретінде қабылданады, бұл оның салалық деңгейді кеңінен және жүйелі түрде енгізілуін шектейді (Mouly Potluri *et al.*, 2021).

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде ESG критерийлерін тиімді институционалдық тетіктермен ұтымды енгізу компаниялардың қаржылық тұрақтылығын күшейтіп, инвестициялық тәуекелдердің төмендеуіне ықпал ететін фактор ретінде атап көрсетіледі (Eccles *et al.*, 2014; Friede *et al.*, 2015). Сонымен қатар қазақстандық туристік саланы зерттеушілердің ғылыми зерттеулерінде ESG көбіне экологиялық және әлеуметтік өлшемдер тұрғысынан қарастырылады (Насыров, 2023; Kuul, *et al.*, 2024), ал олардың экономикалық тиімділігіне толық талдау жүргізген, ESG қағидаттарын экономикалық ынталандыру жүйесі ретінде талдауға арналған зерттеулер жеткіліксіз. Әсіресе реттеуші міндеттемелер мен қолжетімді экономикалық құралдар арасындағы сәйкессіздік туризм кәсіпорындарының инвестициялық мінез-құлқына қалай әсер ететіндігі қамтылмаған. Аталған жағдай Қазақстандық туристік салаға ESG қағидаттарын енгізудің институционалдық-экономикалық логикасын ашуға бағытталған арнайы зерттеудің қажеттілігін анықтайды.

Алайда, артықшылықты қаржыландыру, тәуекелдерді әртараптандыру механизмдері мен институционалдық қолдау құралдары ұштастырылған жағдайда ESG қағидаттарын енгізу туризм саласында тәуекелдерді неғұрлым тиімді әрі кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде саланы қаржыландыру тетіктері арқылы тұрақты даму жобаларына инвестициялар-

дың дербес актив класы ретінде қалыптасуына ықпал етіп, туризм саласының инвестициялық тартымдылығы мен бәсеке қабілеттілігінің артуына жағдай жасайды (OECD, 2018).

Зерттеудің мақсаты–Қазақстанның туризм саласына ESG қағидаттарын енгізудің экономикалық тетіктерін анықтау және ғылыми тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ туристік кәсіпорындар үшін ESG енгізуді қосымша қаржылық жүктеме ретінде қабылдауды төмендету жолдарын айқындау және олардың туризм секторының тұрақты дамуына, инвестициялық тартымдылығын арттырудағы рөлін талдау.

Зерттеу объектісі–Қазақстанның туристік саласында тұрақты даму мен инвестициялық тартымдылықты арттыруға бағытталған даму жағдайында ESG қағидаттарын енгізу үдерісі.

Осы мақсатқа сәйкес зерттеу барысында келесі зерттеу сұрақтары қойылды:

1. Қазақстанның туризм саласына ESG қағидаттарын енгізуді шектейтін қандай институционалдық факторлар бар?

2. Қазақстанның туризм саласында ESG қағидаттарын енгізу жағдайында туристік кәсіпорындар үшін қандай қосымша шығындар қалыптасады?

3. Қазақстан жағдайында ESG қағидаттарын енгізуде туындайтын қосымша шығындық жүктемені төмендетуге қандай экономикалық тетіктер ықпал ете алады?

Зерттеу гипотезасы: Қазақстанның туризм саласында ESG қағидаттарын енгізу туристік кәсіпорындар үшін көбінесе қосымша шығындық жүктеме ретінде қабылданады. Алайда тиісті институционалдық және экономикалық қолдау тетіктері болған жағдайда ESG қағидаттарын енгізудің бастапқы шығындарын төмендетуге және оларды саланың тұрақты дамуын қолдайтын факторға айналдыруға болады.

Зерттеудің теориялық негізі экономика және мемлекеттік саясат тұжырымдамасына сүйенеді. Бұл тәсіл мемлекетті тек реттеуші орган ретінде ғана емес, сонымен қатар экономикалық субъектілердің мінез-құлқына әсер ететін ынталандырулар мен шектеулер жүйесін құрайтын негізгі институт ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, ESG қағидаттары жай ғана реттеу талаптарының жиынтығы емес, экономикалық ынталандырулар мен институционалды шектеулер арқылы қалыптасқан экономикалық институт ретінде қарастырылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу барысында келесі міндеттер қойылды:

- туризм саласында ESG қағидаттарын енгізуді шектейтін институционалды факторларды талдау;

- мемлекеттік қолдау құралдарының туристік кәсіпорындардың ESG қағидаттарын енгізуге ықпалын бағалау;

- туризм секторына ESG қағидаттарын енгізу барысында қалыптасатын негізгі шығындар құрылымын анықтау;

- ESG қағидаттарын енгізудің бастапқы шығындық жүктемесін төмендетуге мүмкіндік беретін экономикалық тетіктерді айқындау.

Әдебиеттерге шолу

ESG-қағидаттарын енгізу мәселесіне арналған зерттеулер теориялық талдау, тұрақты даму және корпоративтік тұрақтылық тұжырымдамалары, құрылымдық экономика, инвестициялық тәуекелдерді зерттеу, сондай-ақ тұрақты туризм индустриясына бағытталған салалық зерттеулермен тоғысқан кешенді академиялық өрісте қалыптасады. Қазіргі ғылыми әдебиет ESG-ді құқықтық және реттеушілік талаптар жиынтығынан экономикалық және инвестициялық құрал ретінде қарастыруға көшу үрдісін айқын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл трансформацияның нақты ауқымы мен әсер ету тетіктері жеткілікті деңгейде жүйеленген эмпирикалық талдауды қажет етеді, ал аталған тәсілдің даму дәрежесі елдердің экономикалық даму деңгейіне және жекелеген салалардың құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты айтарлықтай өзгеріп отырады.

Академиялық әдебиеттердегі пікірталастардың бірі ESG тәжірибелерінің компаниялардың қаржылық нәтижелерімен өзара байланысын айқындауға бағытталған. Friede, Busch және Bassen (2015) жүргізген ауқымды мета-талдау 2000-нан астам эмпирикалық зерттеуді жинақтай отырып, ESG көрсеткіштері мен корпоративтік қаржылық көрсеткіштер арасындағы оң және тұрақты байланыс бар екендігін дәлелдейді. Авторлардың тұжырымдауынша, ESG критерийлерінің негізгі әсері қысқа мерзімді табыстың өсуімен емес, тәуекелдің төмендеуімен, капитал құнының азаюымен және ұзақ мерзімді корпоративтік тұрақтылықтың нығаюымен байланысты (Friede *et al.*, 2015). Бұл қорытындылар инвестициялық циклдері ұзақ, капитал сыйымдылығы жоғары салалар, соның ішінде туризм индустриясы үшін де ерекше өзектілікке ие.

Bansal (2005) тұрақты дамуды ресурстық тұрғыға негізделген тәсіл арқылы талдай отырып, ұқсас тұжырым ұсынды. Автор ESG-ге қатысты бастамаларды кәсіпорынның материалдық емес ресурстардың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады және оларды жүйелі әрі ұзақ мерзімді түрде іске асыру тұрақты бәсекелік артықшылықты қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді (Bansal, 2005). Осыған байланысты ESG қазіргі таңда тек ерікті сипаттағы шаралар жиынтығы емес, корпоративтік стратегиялық даму моделінің ажырамас элементі ретінде қабылдануда.

Сонымен қатар Eccles бастаған бірқатар зерттеушілер ESG-ні енгізудің оң экономикалық әсері өздігінен және автоматты түрде қалыптаспайтынын атап көрсетеді. Бұл әсердің жүзеге асуы белгісіздікті төмендететін және тәуекелдерді мемлекет пен бизнес субъектілері арасында қайта бөлуге мүмкіндік беретін тиісті институционалдық ортаның болуына тәуелді (Eccles *et al.*, 2014). Мұндай институционалдық жағдайлар қалыптаспаған кезде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қосымша қаржылық жүктеменің артуына алып келуі мүмкін.

Тұрақты даму алғышарттарын қалыптастырудағы мемлекеттің рөліне арналған зерттеулер де ауқымды сипатқа ие. Институционалдық экономика шеңберінде мемлекет экономикалық процестерге тек реттеуші ретінде емес, сонымен қатар оларды белсенді түрде қалыптастыратын және бағыттайтын актор ретінде қарастырылады: ол нормативтік шектеулерді енгізумен қатар экономикалық ынталандыру құралдарын да қолданады. Mazzucato (2013) стратегиялық маңызы бар салаларда мемлекеттік инвестициялар мен тәуекелдерді бірлесіп бөлу тетіктері инвестицияларды тартудың шешуші шарты болып табылатынын айқындайды. Автордың пікірінше, мұндай тетіктер ұзақ қайтарымдылық кезеңімен сипатталатын салалар үшін аса өзекті болып табылады және жоғары тәуекел жағдайында инвестициялық белсенділікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады (Mazzucato, 2013)

Аталмыш тұжырымдаманы Rodrik (2008) егжей-тегжейлі қарастырып, өндірістік және инвестициялық саясаттың тиімділігі мемлекеттің араласу деңгейіне емес, қолданылатын саяси құралдардың сапасымен айқындалатынын дәлелдейді. Автордың пікірінше, жеңілдетілген қаржыландыру тетіктері, мемлекеттік кепілдіктер және институционалдық қолдау шаралары кең ауқымды, ұзақ мерзімді стратегиялық мақсат-

тарды нақты инвестициялық шешімдерге айналдырудың негізгі механизмдері болып табылады (Rodrik, 2008).

Инвестициялық тәуекелдер мәселесін талдауда Stiglitz (2010) жаһандық қаржы жүйесінің құрылымын талдау арқылы маңызды теориялық үлес қосады. Автордың пайымдауынша, тиісті реттеушілік негіздер және тәуекелдерді бөлу тетіктері болмаған жағдайда қаржылық интеграция тұрақсыздықты төмендетудің орнына оны күшейтуі мүмкін (Stiglitz, 2010). ESG тұрғысында бұл жеке инвесторлардың тұрақты жобаларға тек институционалдық «сақтандыру» механизмдері қалыптасқан жағдайда ғана басымдық беретінен білдіреді.

Халықаралық әдебиетте ESG институционалдық және беделдік тәуекелдерді төмендетуге ықпал ететін маңызды фактор ретінде қарастырылады. Дамушы нарықтардағы инвестициялық ағындарды талдауға арналған зерттеулер институционалдық сапасы мен реттеуші ортаның болжамдылығы шетелдік тікелей инвестиция көлеміне елеулі әсер ететінін көрсетеді (Globberman & Shapiro, 2002). Осы тұрғыда ESG қағидаттары инвесторлар үшін сенімділікті арттыратын механизм ретінде қызмет етеді.

Bekaert, Harvey және Lundblad (2007) жүргізген зерттеу институционалдық тәуекелдердің төмендеуі дамушы экономикаларда тәуекел премиясының қысқаруына және капитал құнының тікелей төмендеуіне әкелетінін көрсетеді. (Bekaert *et al.*, 2007). Осылайша, қоғамдық ESG құралдары тек экологиялық немесе әлеуметтік саясат элементі ретінде ғана емес, сонымен қатар инвестициялық тәуекелдерді басқаруға және капитал тарту шарттарын жақсартуға бағытталған кешенді инвестициялық стратегияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Тұрақты туризмді дамыту мәселелері дербес ғылыми зерттеу бағыты ретінде қалыптасқан. Bramwell мен Lane (2011) туризм саласының институционалдық үйлестіру сапасына жоғары дәрежеде тәуелді екенін атап өтеді, себебі туризмнің тұрақты дамуы бизнес құрылымдарының, мемлекеттік органдардың және жергілікті қауымдастықтардың өзара келісілген әрекетіне негізделеді (Bramwell & Lane, 2011). Мұндай үйлестірілген экономикалық ынталандырулардың жеткіліксіздігі тұрақты даму тәжірибелерін жүйесіз, фрагменттелген деңгейде енгізуге әкеледі.

Н.А. Горбунованың пікірінше (2024), «жасыл» шығындарды азайту мемлекеттік органдардың, ғылым саласының өкілдерінің және аза-

маттық қоғамның белсенді әрекетін қажет етеді (Горбунова, 2024).

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерін талдау нәтижелері туристік салада бірқатар құрылымдық шектеулердің сақталып отырғанын растайды. Mouli Potluri әріптестерімен бірге (2021) тұрақты даму қағидаларының туристік кәсіпорындардың күнделікті қызметіне жеткілікті деңгейде интеграцияланбағандығын, сондай-ақ оларды іске асыруды қолдайтын экономикалық ынталандыру тетіктерінің шектеулі екендігін атап көрсетеді. Авторлардың пікірінше, бұл жағдай стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда белгіленбеген мақсаттар мен саланың нақты институционалдық және экономикалық ахуалы арасындағы алшақтықтың одан әрі тереңдеуіне алып келеді (Mouli Potluri *et al.*, 2021).

Осылайша, қазіргі ғылыми зерттеулер бірқатар ұқсас тұжырымдамаларға тоғысып отыр: Біріншіден, ESG қағидаттары тиісті басқару стандарттарымен және институционалдық тетіктермен ұштасқанда экономикалық әрі инвестициялық тұрғыдан тиімді нәтиже бере алады. Екіншіден, туризм саласында қалыптасқан нарықтық механизмдер ESG тәжірибелерін кеңінен енгізуге жеткілікті ынталандыруды қамтамасыз етпейді. Үшіншіден, қоғамдық экономикалық құралдар көбінесе өнеркәсіптік саясат немесе инновациялық даму тұрғысында қарастырылғанымен, дамушы елдер жағдайында оларды туризм саласына қолдану мәселесі ғылыми әдебиеттерде салыстырмалы түрде жеткіліксіз зерттелген.

ESG, тұрақты туризм және инвестициялық тәуекелдер бойынша ғылыми зерттеулердің белгілі бір жүйесі қалыптасқанына қарамастан, ғылыми әдебиетте Қазақстанның туристік индустрияда ESG қағидаттарын енгізудің экономикалық тетіктерін кешенді және жүйелі түрде талдайтын еңбектер жеткіліксіз. Атап айтқанда, ESG-ді қосымша шығын көзі ретінде қабылдаудан оны инвестициялық ресурсқа айналдыру үшін артықшылықты қаржыландыру, гранттық қолдау және тәуекелдерді бөлісу құралдарының рөлі теориялық тұрғыда әлі жеткілікті зерделенбеген.

Әдіснама

Зерттеу әдіснамасы Қазақстан Республикасының туризм саласына ESG қағидаттарын енгізудің экономикалық тетіктерін анықтауға және

негіздеуге бағытталған. Бұл тетіктер туристік кәсіпорындар үшін ESG-ді қосымша шығын ретінде қабылдауды азайтуға және оның саланың тұрақты дамуының, инвестициялық тартымдылығының және ұзақ мерзімді бәсеке қабілеттілігінің факторы ретіндегі рөлін күшейтуге мүмкіндік береді.

Арнайы экономикалық құралдарды, оның ішінде жеңілдікті, және «жасыл» қаржыландыруды, мемлекеттік кепілдіктерді, энергия тиімділігін арттыруға бағытталған жаңғыртуларды субсидиялауды, жеңілдетілген ESG-индикаторларын және шағын бизнесті қолдау құралдарын енгізу–бизнес үшін ESG-ге байланысты шығындарды азайтып, ESG тәсілдерін шығын факторы деңгейінен туристік саланың инвестициялық тартымдылығы мен ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторына айналдыруға мүмкіндік береді деп болжанады.

Зерттеу Қазақстанның туризм саласында ESG қағидаттарын енгізудің институционалдық және экономикалық жағдайларын сипаттайтын нормативтік-құқықтық, статистикалық және аналитикалық дереккөздерді қамтиды.

Зерттеудің сапалық дереккөздеріне төмендегілер жатады: Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (Қазақстан Республикасы, 2021); «Жасыл» жобалардың ұлттық таксономиясы (Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2021); Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы (Қазақстан Республикасы Президенті, 2023); Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2023); сондай-ақ тұрақты туризм мен ESG саласындағы халықаралық ұйымдардың аналитикалық материалдары (OECD, 2024; UN Tourism, 2024).

Зерттеудің сандық негізін Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы ұсынған 2020–2024 жылдарға арналған ресми статистикалық деректері құрайды, оған туристік сұраныс, туризм саласындағы инвестициялық белсенділік және туризмнің экономикалық маңыздылығын сипаттайтын көрсеткіштер кіреді (ҚР ҰСБ, 2025).

Осы дереккөздерден алынған деректерді пайдалану зерттеу мәселені институционалдық және экономикалық деңгейде талдауға және ESG қағидаттарын енгізудің нормативтік шарттарын туризм секторының нақты даму динамикасымен салыстыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу бірнеше кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде ESG қағидаттарын енгізудің институционалдық шарттарын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасындағы туризм, экологиялық реттеу және тұрақты даму салаларындағы нормативтік құқықтық базаға талдау жасалды.

Екінші кезеңде тұрақты туризм бойынша халықаралық зерттеулерге сүйене отырып, ESG тәсілдерін енгізу барысында туристік кәсіпорындарда пайда болатын қосымша шығындардың құрылымына талдау жүргізілді.

Үшінші кезеңде Қазақстанның туристік саласының динамикасына және оны жаңғыртудың инвестициялық қамтамасыз етілуіне статистикалық және экономикалық талдау жүргізілді.

Төртінші кезеңде алынған нәтижелерге интерпретация жасалып, туристік бизнестің ESG-ге байланысты шығындық жүктемесін төмендетуге бағытталған экономикалық тетіктер бойынша ұсыныстар тұжырымдалды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін институционалдық, статистикалық және экономикалық талдау әдістері құрады.

Институционалдық талдау Қазақстан Республикасының туристік саласында ESG қағидаттарын енгізудің нормативтік құқықтық және стратегиялық шарттарын бағалау үшін қолданылады.

Статистикалық талдау туризмді дамыту көрсеткіштерінің динамикасын бағалау үшін пайдаланылады, оған орналастыру орындары қызметінің көлемі, туристік ағын және негізгі капиталға инвестициялар көрсеткіштері жатады.

Орташа жылдық өсім қарқынын бағалау үшін Compound Annual Growth Rate (CAGR) формуласы қолданылды (Damodaran, 2012).

$$CAGR = \left(\frac{X_t}{X_0}\right)^{\frac{1}{t}} - 1, \quad (1)$$

мұндағы:

X_t —соңғы кезеңдегі көрсеткіштің мәні;

X_0 —базалық кезеңдегі көрсеткіштің мәні;

t —уақыт аралығының ұзақтығы (жыл).

Экономикалық талдау статистикалық деректерді ESG модернизациясының инвестициялық қамтамасыз етілуі тұрғысынан интерпретациялау, сондай ақ туристік кәсіпорындардың ESG-ге байланысты шығындарының құрылымын және олардың бизнестің қаржылық тұрақтылығына әсерін бағалау мақсатында қолданылады.

Мақала аясында туристік саланың ESG-трансформациясының инвестициялық қамта-

масыз етілуін бағалау үшін анықталған CAGR көрсеткішінің негізінде авторлармен туристік өсімнің ESG-инвестициялық қамтамасыз етілу коэффициенті енгізілді (CAGR негізінде құрылған авторлық индикатор).

$$K_{ESG} = \frac{CAGR_H}{CAGR_K} \quad (2)$$

мұндағы:

$CAGR_H$ —«Орналастыру және тамақтандыру қызметтерін ұсыну» қызмет түрі бойынша негізгі капиталға инвестициялар;

$CAGR_K$ —Орналастыру орындары көрсеткен қызмет көлемі.

Егер коэффициент мәні 1-ден төмен болса, бұл инвестицияның нарыққа қарағанда баяу өсіп жатқандығын білдіреді, яғни инфрақұрылымдық, технологиялық және экологиялық жаңғырту туристік сұраныстың кеңею қарқынынан қалып отыр дегенді білдіреді.

Осы тәсілдің ғылыми жаңалығы мақала аясында аталған коэффициенттің Қазақстанның туристік саласының ESG-трансформациясының инвестициялық базасының жеткіліктілігін бағалауға арналған аналитикалық құрал ретінде қолдануында болады.

Зерттеудің шектеулері талдаудың жинақталған ресми статистикалық деректерге және нормативтік стратегиялық құжаттарға негізделуімен байланысты. Бұл туризмде ESG факторларын енгізуге қатысты салалық сипаттамалардағы макроэкономикалық қағидаттарын енгізудің макро деңгейдегі үрдістері мен институционалдық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді, бірақ жекелеген туристік кәсіпорындардың мінез-құлық ерекшеліктерін және өңірлер арасындағы айырмашылықтарды микро деңгейде қамтымайды.

Нәтижелер мен талқылау

Институционалдық талдау Қазақстан Республикасында туризм индустриясында ESG қағидаттарын енгізудің жалпы негіздерінің аясында негізгі нормативтік-құқықтық және стратегиялық ортаның құрылғанын көрсетеді. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі шаруашылық субъектілерінің экологиялық жауапкершілігінің құқықтық негіздерін қалыптастырады, қоршаған ортаға әсерді бағалауды реттеу, табиғатты қорғау талаптары және экологиялық бақылау мәселелері кіреді.

Туризм саласы тұрғысынан алғанда, бұл құжат инфрақұрылымды экологияландырудың

міндетті институционалдық шарттарын белгілейтіндігімен және ESG-дің экологиялық компонентін іске асырудың бастапқы негізін қалыптастыратындығымен маңызды (Қазақстан Республикасы, 2021).

«Жасыл» жобалардың ұлттық таксономиясы тұрақты қаржыландыру құралдарын, оның ішінде «жасыл» облигациялар мен «жасыл» кредиттерді қолданудың негізін қалыптастырады, ал 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы төмен көміртекті дамудың ұзақ мерзімді бағдарларын айқындайды, бұл туризм саласы үшін де маңызды.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, өз кезегінде, инфрақұрылымды дамыту, инвестициялық белсенділікті арттыру және аумақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету арқылы ESG тәсілін интеграциялаудың белгілі бір алғышарттарын қамтиды (Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2021, Қазақстан Республикасы Президенті, 2023, Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2023).

Сонымен қатар жүргізілген талдау нәтижелері Қазақстанда туризм саласына ESG қағидаттарын енгізуге арналған арнайы экономикалық тетіктердің тұтас жүйесі әлі толық қалыптаспағанын көрсетеді. Басқаша айтқанда, нормативтік және стратегиялық база бар болғанымен, бір

жағынан мемлекеттің экологиялық, климаттық және қаржылық басымдылықтары мен екінші жағынан олардың туризм саласының нақты экономикалық қажеттіліктеріне тікелей бейімделуі арасында институционалдық алшақтық сақталып отыр. Бұл негізгі шектеу реттеуші ортаның жоқтығымен емес, салалық деңгейдегі қолданбалы экономикалық ынталандыру тетіктерінің жеткіліксіз дамығандығымен байланысты екенін білдіреді.

Статистикалық талдау 2020-2024 жылдары Қазақстанның туристік салысында тұрақты оң динамика байқалғанын көрсетті. COVID пандемиясы әсерінен 2020-2021 жылдары туристік нарық көрсеткіштері төмендегенімен, 2022 жылдан бастап саланың қарқынды дамуы басталды. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, орналастыру орындары көрсеткен қызмет көлемі 2020 жылғы 120 450,8 млн. теңгеден 2024 жылы 299 840,6 млн. теңгеге дейін өсті, ал қызмет көрсетілген келушілер саны 2020 жылғы 5 220,4 мыңнан 2024 жылы 9 119,3 мың адамға дейін артты (ҚР ҰСБ, 2025) (кесте 1).

Ал «орналастыру және тамақтану қызметтерін ұсыну» қызмет түрі бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2020 жылғы 98 540 млн. теңгеден 2024 жылы 163 819 млн. теңгеге дейін өсті.

1-кесте

Қазақстандағы туризмнің даму динамикасы және ESG-жаңғыртуының инвестициялық қамтамасыз етілуі, 2020-2024 жж.

Көрсеткіш	2020	2021	2022	2023	2024	CAGR,%
Орналастыру орындары көрсеткен қызмет көлемі, млн тг.	120 450,8	148 230,5	182 865,3	229 248,7	299 840,6	28,1
Қызмет көрсетілген келушілер саны, мың адам	5 220,4	6 015,7	7 335,2	8 139,3	9 119,3	11,5
«Орналастыру және тамақтандыру қызметтерін ұсыну» қызмет түрі бойынша негізгі капиталға инвестициялар, млн тг.	98 540	115 760	132 080	150 466	163 819	11,4

Ескерту: (ҚР ҰСБ) деректері негізінде авторлармен құрастырылған

2022-2024 жылдар бойынша CAGR көрсеткішін есептеу орналастыру орындарының қызмет көлемінің орташа жылдық өсу қарқыны 28,1%-ды, ал келушілердің санының өсу қарқыны 11,5%-ды құрағанын көрсетті (ҚР ҰСБ, 2025).

Сонымен қатар «орналастыру және тамақтану қызметтерін ұсыну» қызмет түрі бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 2022 жылғы 132 080 млн. теңгеден 2024 жылы 163 819 млн. теңгеге дейін артқанымен, олардың CAGR көрсеткіші небәрі 11,4%-ды құрады.

ESG-инвестициялық қамтамасыз етілу коэффициенті есептеу нәтижесінде оның мәні 0,41 болғаны анықталды. Бұл туристік нарықтың инфрақұрылымдық және экологиялық инвестициялар өсімінің туристік нарық өсімімен салыстырғанда баяу екенін көрсетеді.

Алынған деректер туризм нарығының өсуі оның материалдық базасына салынатын инвестициядан айтарлықтай жоғары екенін көрсетеді. Бұл зерттеу тақырыбы үшін принциптік маңызға ие, өйткені экологиялық, әлеуметтік және басқару (ESG) ережелеріндегі өзгерістер сұранысты арттырып қана қоймайды, сонымен қатар энергия тиімділігіне, орналастыру объектілеріне, ресурстарды үнемдейтін инфрақұрылымға және басқару сапасын арттыруға бағытталған инвестицияны талап етеді.

Экономикалық талдауға сәйкес, «орналастыру және тамақтану қызметтері» санатына инвестициялар 2024 жылы елдің негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің тек 0,8%-ын құрады. Сонымен қатар, 2024 жылы жалпы экономика бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 19,375 млрд. теңгені құрады (ҚР ҰСБ, 2025).

Шағын және орта кәсіпорындар басым туризм индустриясы үшін бұл құрылым олардың ESG-жаңғыртуды өз бетінше жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарға қолжетімділіктің шектеулі екендігін білдіреді. Сондықтан туризм индустриясында ESG қағидаттарын енгізу арнайы жеңілдіктер мен «жасыл» кредиттер, кепілдік механизмдері, жаңғырту субсидиялары, сондай ақ мақсатты мемлекеттік қолдаудың басқа да нақты түрлері сияқты арнайы құралдарды қажет етеді (кесте 2).

Туризмнің қосалқы шотының деректері де бұл саланың экономикалық маңыздылығын растайды. 2023 жылы ішкі туризмге қатысты тұтыну 2 759,6 млрд. теңгені, ал ішкі туризмге жұмсалған шығындар 2 233,7 млрд. теңгені құрады, оның ішінде 1 172,3 млрд. тг. кіру туризміне тиесілі (ҚР ҰСБ, 2025). Бұл туризмнің қазірдің өзінде айтарлықтай экономикалық құн қалыптастырып отырғанын көрсетеді. Алайда бұл саланың болашақтағы дамуы тек сұраныстың артуымен ғана емес, сонымен қатар қаржылық, инфрақұрылымдық және басқару моделінің тұрақтылығын нығайтумен де байланысты болуы керек.

2-кесте

Қазақстанның туризм индустриясында ESG механизмдеріне қажеттілікті айқындайтын экономикалық индикаторлар

Индикатор	Көрсеткіш	Мақала үшін маңыздылығы
Орналастыру орындары көрсеткен қызметтер көлемінің CAGR, 2022-2024 жж.	28,1%	Нарық құндық тұрғыдан қарқынды кеңеюде
Қызмет көрсетілген келушілер санының CAGR, 2022-2024 жж.	11,5%	Инфрақұрылымға, ретусртарғаа және басқару сапасына түсетін жүктеме артуда
«Орналастыру және тамақтану» саласына инвестициялар CAGR, 2022-2024 жж.	11,4%	ESG-ге көшу капитал салымының жеткіліксіздігімен тежелуде
Негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлеміндегі «түру және тамақтану» саласының үлесі, 2024 жж.	0,8%	Мақсатты қаржыландырусыз ESGмодернизация фрагменттік сипатта болады.
Ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну, 2023ж.	2 759,6 млрд.тг.	Сала экономикалық тұрғыдан маңызды және тұрақты даму моделіне өтуді талап етеді
Ел ішіндегі туризмге қатысты шығыстар, 2023ж.	2 233,7 млрд.тг.	Сұранысты ұзақ уақыт мерзімді бөсекеге қабілеттілікке айналдыру үшін ESG-тетіктері қажет.
<i>Ескерту:</i> (ҚР ҰСБ, 2025), деректері негізінде авторлармен құрастырылған; CAGR көрсеткіші (Damoran, 2012) формуласы бойынша есептелген.		

Сонымен қатар жүргізілген талдау көрсеткендей, қолданыстағы институционалдық құралдар туризм секторының экономикалық қажеттіліктеріне тікелей бейімделмеген. Туризм

саласында ESG тәсілі негізінен жалпы экологиялық мәселелерге негізделген және туристік компаниялар үшін арнайы экономикалық ынталандыру жүйесімен толық қамтамасыз етілмеген.

Сондықтан ESG қағидаттарын енгізу бизнес үшін көбінесе қосымша қаржылық жүктеме ретінде қарастырады.

ESG қағидаттарын енгізудегі ең маңызды кедергілердің бірі–тұрақты басқару моделіне көшу кезінде туристік ұйымдарда туындайтын шығындардың құрылымы болып табылады.

Тұрақты туризмдегі халықаралық зерттеулерді талдау ESG шығындарының бірнеше негізгі санаттарын анықтауға мүмкіндік берді (3-кесте).

Халықаралық тәжірибеде қонақ үй инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған инвестициялар орналастыру объектілерін жаңғырту құнының 5-20 % құрауы мүмкін (UN Tourism, 2024)

Қазақстандық шағын және орта бизнес үшін бұл шығындар олардың қаржылық жүктемесін айтарлықтай арттырып, бизнестің ESG тәсілдерін қабылдауға дайындығын төмендетуі мүмкін. Осыған орай, Қазақстанның туристік саласына ESG қағидаттарын енгізудің экономикалық тетіктерін ұсынамыз (кесте 4).

3-кесте

Туристік кәсіпорындарындағы ESG шығындарының құрылымы

Шығындар санаты	Шығындардың мазмұны	Экономикалық маңыздылығы
Инфрақұрылымды экологиялық жаңғырту	Ғимараттардың энергия тиімділігін арттыру, жылыту және кондиционерлеу жүйелерін жаңғырту, қайта жаңартылатын энергия көздерін енгізу	Елеулі бастапқы инвестицияны қажет етеді
Ресурстарды басқару	Су үнемдеу жүйелері, қалдықтарды қайта өңдеу, экологиялық жүктемені төмендету	Операциялық шығындарды арттырады
ESG-есептілік және мониторинг	Экологиялық аудит, есептілікті дайындау, ESG-деректерін жинау	Әкімшілік шығындарды арттырады
Персоналды оқыту	Тұрақты даму тәжірибелерін, экологиялық менеджментті оқыту	Қосымша ұйымдастырушылық шығындарды қажет етеді
Сертификаттау	Экологиялық сертификаттар алу	Беделді арттырады, бірақ қосымша шығынды қажет етеді

Ескерту: (OECD, 2024:) және (UN Tourism, 2024) негізінде авторлармен құрастырылған

4-кесте

Қазақстанның туристік саласына ESG қағидаттарын енгізудің экономикалық тетіктері

ESG енгізу мәселесі	Экономикалық көрінісі	Ұсынылған механизм	Күтілетін әсер
Экологиялық жаңғыртуға жоғары капитал шығындары	Ғимараттардың энергия тиімділігіне, суды үнемдеуге және қалдықтарды басқаруға елеулі инвестиция көлемі қажет	Жеңілдікті «жасыл» кредиттер және жасыл облигациялар	Туристік инфрақұрылымды жаңғырту үшін капитал құнының төмендеуі
ШОБ-тің инвестицияларға қолжетімділігінің шектеулі болуы	Шағын туристік кәсіпорындарда жеке капитал жеткіліксіз	ESG-жобаларға мемлекеттік кепілдіктер және аралас қаржыландыру арқылы қолдау	Инвестициялық тәуекелдердің төмендеуі және бизнестің қаржыландыруға қолжетімділіктің кеңеюі
ESG енгізу барысында шығындардың өсуі	Экологиялық мониторингке, аудитке, есептілікке жұмсалатын шығындар	ESG-жаңғыртулар үшін субсидиялар мен салықтық ынталандырулар	Туристік кәсіпорындарға түсетін операциялық шығындарының азаюы
ESG-есептіліктің әкімшілік күрделілігі	ESG-деректерді жинау және талдау қажеттілігі	Туристік кәсіпорындар үшін жеңілдетілген ESG-индикаторларын енгізу	ESG-ді енгізудегі әкімшілік кедергілердің азаюы

ESG енгізу мәселесі	Экономикалық көрінісі	Ұсынылған механизм	Күтілетін өсер
Мемлекеттік саясаттың жеткіліксіз үйлестірілуі	Экологиялық, инвестициялық және туристік саясаттың әлсіз интеграциясы	Туризмді дамыту мемлекеттік бағдарламаларына ESG-критерийлерін енгізу	Саланың инвестициялық тартымдылығының арттыруы
Туризм өсімінің инвестициялық қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі	Инвестициялар нарыққа карағанда баяу өсуде	Туристік инфрақұрылымды тұрақты жаңғыртудың мақсатты бағдарламалары	Туризмнің дамуының тұрақты моделін қалыптастыру

Ескерту: (OECD, 2024, p. 230), (European Commission, 2022) және (UN Tourism, 2024) негізінде авторлармен құрастырылған

Осылайша, ESG қағидаттарын енгізудегі негізгі экономикалық кедергілердің бірі тек экологиялық талаптардың орындалуы ғана емес, сонымен қатар бизнеске түсетін қосымша шығындарды өтеу тетіктерінің жеткіліксіздігі болып табылады.

ESG тәсілін шығын көзінен экономикалық даму факторына айналдыру үшін арнайы экономикалық құралдарды енгізу қажет.

Ең перспективалы экономикалық тетіктер қатарына мыналар жатады:

- туристік инфрақұрылымды жеңілдікті және «жасыл» кредиттеу, бұл экологиялық инвестициялар үшін капитал құнын төмендетуі мүмкін;
- энергия тиімділігіне арналған мемлекеттік субсидиялар арқылы қонақ үй инфрақұрылымын жаңғыртуға жұмсалатын шығындарының бір бөлігін өтеу;
- шағын және орта бизнеске арналған кепілдік бағдарламалары, бұл ESG қағидаттарын енгізу кезінде инвестициялық тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді;
- жеңілдетілген ESG-индикаторлар мен есептілік жүйелерін жетілдіру, бұл кәсіпорындардың әкімшілік шығындарын азайтуы мүмкін.

Аталған құралдар туризм секторының тұрақты дамуын ілгерілетумен қатар, ESG бастамаларының қаржылық жүктемесін азайтуға көмектеседі.

Қорытынды

Зерттеудің мақсаты—Қазақстанның туризм секторында ESG қағидаттарын енгізудің экономикалық тетіктерін анықтау және негіздеу болып табылды. Бұл экономикалық тетіктер туристік компаниялардың ESG-ді қосымша қаржылық жүктеме ретінде қабылдауын төмендетуге және ESG-нің туризм секторының тұрақты дамуының, инвестициялық тартымдылығының

катализаторы ретіндегі рөлін арттыруға бағытталған.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу жұмысында институционалдық, статистикалық және экономикалық талдау әдістері қолданылды.

Институционалдық талдау Қазақстанның туризм секторында ESG қағидаттарын енгізудің нормативтік құқықтық және стратегиялық шарттарын бағалауға мүмкіндік берді. Статистикалық талдау туризмнің даму динамикасын және саланың инвестициялық белсенділігін бағалау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми деректеріне негізделіп, жүргізілді (ҚР ҰСБ, 2025). Экономикалық талдау алынған деректерді түсіндіру, ESG жаңғыртуларының инвестициялық қамтамасыз етілу деңгейін бағалау және ESG қағидаттарын енгізу барысында туристік кәсіпорында туындайтын қосымша шығындардың құрылымын анықтау мақсатында пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанда тұрақты дамудың базалық институционалдық ортасы қалыптасқанын көрсетті, оның ішінде Қазақстанның Республикасының экологиялық кодексі, «жасыл» жобалардың Ұлттық таксономиясы, 2060 жылға дейін көміртектік бейтараптылыққа қол жеткізу стратегиясы және Қазақстанның туристік саясатын дамыту стратегиясы (Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2021, Қазақстан Республикасы Президенті, 2023, Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2023).

Осыған қарамастан, жүргізілген талдау мемлекеттік саясаттың экологиялық және климаттық басымдылықтары мен олардың туристік бизнестің экономикалық бейімделуі арасында институционалдық алшақтық бар екенін көрсетті.

Статистикалық талдау Қазақстанның туризм секторы тұрақты өсімді көрсетіп отырғанын анықтады: 2022-2024 жылдары орналасуы орындары көрсеткен қызметтер көлемінің

орташа жылдық қарқыны 28,1% ды құрады, ал «орналастыру және тамақтану қызметтерін көрсету» санатындағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың орташа жылдық өсу қарқыны тек 11,4%ды құрады. Туризм көрсеткіштері өсімінің ESG инвестициялық қамтамасыз етілу коэффициенті 0,41 құрады, бұл инвестициялардың өсуі қарқыны нарықтың кенею қарқынымен салыстырғанда баяу екенін көрсетеді (ҚР ҰСБ, 2025; Damodaran, 2012). Бұл туризм секторының инфрақұрылымдық және экологиялық базасының жаңғыртуға қарағанда жылдам қарқынмен дамып келе жатқанын көрсетеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақстандық туристік кәсіпорындардың ESG қағидаттарын енгізудің негізгі кедергісінің бірі туристік кәсіпорындарындағы қосымша шығындардың құрылымы екенін анықтауға мүмкіндік берді. ESG шығындарының кең таралған түрлеріне инфрақұрылымды экологиялық жаңғыртуға инвестиция салу, ресурстарды басқару, экологиялық менеджмент және ESG есептіліктері мен сертификаттау жатады. ШОБ үшін мұндай шығындар қаржылық жүктемені арттырып, бизнеске ESG қағидаттарын енгізуге дайындық деңгейін баяулатуы мүмкін.

Осылайша, зерттеу нәтижелері Қазақстанның туризм саласындағы кәсіпорындар үшін ESG қағидаттарын енгізу қосымша қаржылық шығындар ретінде қарастырады деген ұсынылған гипотезаны растайды.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мақалада Қазақстанның туризм секторы үшін ESG қағидаттарын енгізуге арналған экономикалық тетіктер жүйесін қалыптастыру қажеттілігі негізделді. Маңызды перспективалы экономикалық тектіктер қатарына мыналар жатады:

1. Туристік инфрақұрылымды жаңғыртуға арналған жеңілдікті және «жасыл» кредиттер беру.

2. Энергия тиімділігі бойынша мемлекеттік субсидиялар.

3. ШОБ арналған кепілдік механизмдері.

4. Туристік кәсіпорындар үшін жеңілдетілген ESG-индикаторлар мен есептілік стандарттарын енгізу.

Мұндай тұрақты қаржыландыру құралдары халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады және экономика салаларын ESG-ге көшірудің негізгі факторының бірі ретінде қарастырылады (Euroean Commission, 2022; UN Tourism, 2024).

Зерттеудің практикалық маңыздылығы тұрақты туризмді дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда, туристік инфрақұрылымды жаңғырту бағдарламаларын жетілдіруде және Қазақстанның туристік индустриясына инвестициялар тартуға бағытталған экономикалық құралдарды қалыптастыруда қолданылуы мүмкін.

Тұрақты туризмнің дамуына деген халықаралық қызығушылық артып отырған жағдайда ESG қағидаттарын енгізу Қазақстанның туристік секторының халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі факторына айналуы мүмкін (UN Tourism, 2024).

Осылайша, Қазақстанның туризм саласында ESG қағидаттарын енгізу негізінен нормативтік реттеуге сүйенетін тәсілден экономикалық ынталандырулар мен қаржылық құралдар жүйесін қалыптастыруға көшу қажеттілігін талап етеді. Бұл саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және оның ұзақ мерзімді инвестициялық тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Алғыс, мүдделер қақтығысы

Авторлар осы зерттеуді жүргізу барысында қандай-да бір қаржылық, институционалдық немесе жеке мүдделер қақтығысының жоқ екендігін мәлімдейді. Мақалада ұсынылған нәтижелер мен қорытындылар авторлардың ғылыми көзқарасын білдіреді және үшінші тараптың ықпалына тәуелді емес.

Авторлардың үлесі

Мақаланы дайындауға барлық авторлар тең дәрежеде ғылыми үлес қосты.

ЕСР:

- Тұжырымдама (Conceptualization): зерттеу тұжырымдамасын әзірледі.

- Теориялық негіз (Theory/Framework): мақаланың ғылыми құрылымын қалыптастырды.

- Жетекшілік (Supervision): Жобаны жалпы басқарды және бағыт берді.

ТА:

- Әдіснама (Methodology): Зерттеу дизайнын жасады.

- Жазу-бастапқы нұсқа (Writing-Original Draft): Қолжазбаның алғашқы нұсқасын дайындады.

РТК:

- Деректерді жинау (*Data Collection*): деректерді жинауға ат салысты.
- Жазу–түзету және редакциялау (*Writing–Review & Editing*): мақаланы түзету және жетілдіру жұмыстарына үлес қосты.

РТК, ТАТ, ЮН:

- Талдау (*Formal Analysis*): Жиналған деректерді талдады.

- Интерпретация (*Interpretation*): Нәтижелерді түсіндірді.

ЮН:

- Ғылыми редакциялау (*Scientific editing*)–мақаланың ғылыми мазмұнын жетілдірді.

- Қорытынды (*Conclusion*): қорытынды бөлімін әзірледі.

Барлық авторлар:

- Валидация: Мақаланың соңғы нұсқасын бірлесіп оқып шықты, түзетулер енгізді және жариялауға мақұлдады.

Әдебиеттер

Bansal, P. (2005). Evolving sustainably: A longitudinal study of corporate sustainable development. *Strategic Management Journal*, 26(3), 197–218. <https://doi.org/10.1002/smj.441> Digital Object Identifier (DOI)

Bekaert, G., Harvey, C. R., & Lundblad, C. (2007). Liquidity and expected returns: Lessons from emerging markets. *The Review of Financial Studies*, 20(6), 1783–1831. <https://doi.org/10.1093/rfs/hhm030>

Bramwell, B., & Lane, B. (2011). Critical research on the governance of tourism and sustainability. *Journal of Sustainable Tourism*, 19(4–5), 411–421. <https://doi.org/10.1080/09669582.2011.580586>

Damodaran, A. (2012). *Investment valuation: Tools and techniques for determining the value of any asset* (3rd ed.). Wiley .

Eccles, R. G., Ioannou, I., & Serafeim, G. (2014). The Impact of Corporate Sustainability on Organizational Processes and Performance. *Management Science*, 60(11), 2835–2857. <http://www.jstor.org/stable/24550546>

Friede, G., Busch, T., & Basseem, A. (2015). ESG And Financial Performance: Aggregated Evidence From More

Kuur, O.V., Varavin, Ye.V. & Kozlova, M.V. (2024). ESG Transformation Factors of Kazakhstan’s Economy in the Context of Sustainable Development. *Economics: the strategy and practice*, 19(2), 20–40, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2024-2-20-40>

Mazzucato, M. (2013). *The Entrepreneurial State: Debunking Public vs. Private Sector Myths*. Revised edition. London: Anthem Press. 266 p. https://www.google.kz/books/edition/Entrepreneurial_State/Wro1DgAAQBAJ?hl=ru&gbpv=1&dq=inauthor:%22Mariana+Mazzucato%22&printsec=frontcover

Mouly Potluri R., Kilaru M., Akhmetzhanova A., Serikova M. (2025). Pragmatic Research On Problems And Prospects Of Kazakhstan Tourism. *Herald of the Kazakh-British Technical University*. 2025;22(2): 423–439. <https://doi.org/10.55452/1998-6688-2025-22-2-423-439>

North, D. C. (1990). *Institutions, Institutional Change and Economic Performance*. Cambridge: Cambridge University Press.

OECD. (2018). *OECD DAC Blended Finance Principles for Unlocking Commercial Finance for the Sustainable Development Goals*. OECD Publishing. www.oecd.org/en/publications/oecd-dac-blended-finance-principles_dc66bd9c-en.html

OECD (2024), *OECD Tourism Trends and Policies 2024*, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/80885d8b-en>

Rodrik, D. (2008). Normalizing industrial policy. *Commission on Growth and Development Working Paper No. 3*. Washington, DC: World Bank. <https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/28031>.

Stiglitz, J. E. (2010). Risk and Global Economic Architecture: Why Full Financial Integration May be

UN Tourism. (2024). *World Tourism Barometer and Statistical Annex, January 2024*. Madrid: UN Tourism. <https://www.unwto.org/tourism-data/world-tourism-barometer>

Беляева, Ж. С., Лопаткова, Я. А., & Стародубец, Н. В. (2025). Управление устойчивым развитием и ESG-трансформацией: учебное пособие. <https://elar.urfu.ru/handle/10995/145328>

Горбунова, Н. А. (2024). ESG-принципы и зелёная экономика: проблемы и перспективы развития. *Вестник Алтайской академии экономики и права*, (3-3), 360.

Қазақстан Республикасы. (2025). Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасының ресми статистикасы(n.d.). <https://stat.gov.kz/>

Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2023). Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №262 қаулысы–www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262

Қазақстан Республикасы Президенті. (2023). Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы №121 Жарлығы–www.adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000121

Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2021). «Жасыл» облигациялар мен «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобалардың сыныптамасын (таксаномиясын) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы №996 қаулысы–www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000996

Қазақстан Республикасы. (2021). Қазақстан Республикасының Экология кодексі (2021, 2 қаңтар). (No. 400-VI ZRK) [Ecological Code (No. 400-VI ZRK)]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/adilet/K2100000400>

Насыров Г.М. (2023). Туризм в системе устойчивого развития территорий и esg принципов / Г.М. Насыров Г.М. // Устойчивое развитие территорий: теория и практика: материалы IV Международной научно-практической конференции (19-20 апреля 2023 г., г. Сибай).–Сибай: Сибайский институт (филиал) УУНТ, 2023.–С. 416-418.–2023. — URL: <https://search.rads-doi.org/project/10098/index> (дата обращения: 02.02.2026). — DOI: 10.61726/9146.2024.92.91.001

Субхонбердиев, А. Ш., Камынина, А. А. (2024). ESG-подход в туристической сфере. менеджер года–2024, 211. www.ecogofond.kz/wp-content/uploads/2024/12/JuRIDIChESKAJa-OTVETSTVENNOST-ZA-JeKOLOGIChESKIE-PRESTUPLENIJa.pdf#page=213

Орлова, А. П. (2023). Корпоративные стратегии в условиях реализации ESG-принципов / А. П. Орлова // Отходы и ресурсы.–2023. -Т.10.–№ s2.–URL: <https://resources.today/PDF/17FAOR223.pdf> DOI: 10.15862/17FAOR223

References

Belyaeva, Zh. S., Lopatkova, Ya. A., & Starodubets, N. V. (2025). *Sustainable development and ESG transformation management: A study guide*. <https://elar.urfu.ru/handle/10995/145328>

Bekaert, G., Harvey, C. R., & Lundblad, C. (2007). Liquidity and expected returns: Lessons from emerging markets. *The Review of Financial Studies*, 20(6), 1783–1831. <https://doi.org/10.1093/rfs/hhm030>

Bramwell, B., & Lane, B. (2011). Critical research on the governance of tourism and sustainability. *Journal of Sustainable Tourism*, 19(4–5), 411–421. <https://doi.org/10.1080/09669582.2011.580586>

Damodaran, A. (2012). *Investment valuation: Tools and techniques for determining the value of any asset* (3rd ed.). Wiley .

Eccles, R. G., Ioannou, I., & Serafeim, G. (2014). The Impact of Corporate Sustainability on Organizational Processes and Performance. *Management Science*, 60(11), 2835–2857. <http://www.jstor.org/stable/24550546>

Friede, G., Busch, T., & Bassem, A. (2015). ESG And Financial Performance: Aggregated Evidence From More Than 2000 Empirical Studies. *Journal of Sustainable Finance & Investment*, 5(4), 210-233. <https://doi.org/10.1080/20430795.2015.1118917>

Gorbunova, N. A. (2024). *ESG principles and the green economy: Problems and development prospects*. *Bulletin of the Altai Academy of Economics and Law*, (3–3), 360.

Mazzucato, M. (2013). *The Entrepreneurial State: Debunking Public vs. Private Sector Myths*. Revised edition. London: Anthem Press. 266 p. https://www.google.kz/books/edition/Entrepreneurial_State/Wro1DgAAQBAJ?hl=ru&gbpv=1&dq=inauthor:%22Mariana+Mazzucato%22&printsec=frontcover

Mouly Potluri R., Kilaru M., Akhmetzhanova A., Serikova M. (2025). Pragmatic Research On Problems And Prospects Of Kazakhstan Tourism. *Herald of the Kazakh-British Technical University*. 2025; 22(2):423-439. <https://doi.org/10.55452/1998-6688-2025-22-2-423-439>

Nasyrov, G. M. (2023). *Tourism in the system of sustainable territorial development and ESG principles*. In *Sustainable development of territories: Theory and practice: Proceedings of the IV International Scientific and Practical Conference* (April 19–20, 2023, Sibay) (pp. 416–418). Sibay: Sibay Institute (branch) of Ufa University of Science and Technology. <https://search.rads-doi.org/project/10098/index>

North, D. C. (1990). *Institutions, Institutional Change and Economic Performance*. Cambridge: Cambridge University Press.

OECD. (2018). *OECD DAC Blended Finance Principles for Unlocking Commercial Finance for the Sustainable Development Goals*. OECD Publishing. www.oecd.org/en/publications/oecd-dac-blended-finance-principles_dc66bd9c-en.html

OECD (2024). *OECD Tourism Trends and Policies 2024*, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/80885d8b-en>

Orlova, A. P. (2023). *Corporate strategies under the implementation of ESG principles*. *Waste and Resources*.–2023–Т.10.–№s2.URL:<https://resources.today/PDF/17FAOR223.pdf>

Qazaqstan Respublikasy Ükimeti. (2023). Qazaqstan Respublikasynyñ turistik salasyn damytudyn 2023–2029 zhyldarğa arnalğan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly (No. 262 qaulы) [Resolution No. 262 on the Approval of the Concept for the Development of the Tourism Sector of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>

Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti. (2023). Qazaqstan Respublikasynyñ kömirtegi beitarattyqyna qol zhetkizudín 2060 zhylyğa deyingi strategiyasyn bekitu turaly (No. 121 Zharlyq) [On the Approval of the Strategy for Achieving Carbon Neutrality of the Republic of Kazakhstan by 2060 (Decree No. 121)]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000121>

Qazaqstan Respublikasy Ükimeti. (2021). “Zhasyıl” obligatsiyalar men “zhasyıl” kreditter arqyly qarzhylandyruğa zhatatyn “zhasyıl” zhubalardyñ synptamasyn (taksonomiyasyn) bekitu turaly (No. 996 qaulы) [Decision No. 996 on the Approval of the Taxonomy for “Green” Projects Eligible for Financing through ‘Green’ Bonds and “Green” Loans]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000996>

Qazaqstan Respublikasy Ükimeti. (2024). Rynok zelyonykh finansov v Kazakhstane. Astana [The green finance market in Kazakhstan. Astana].

Qazaqstan Respublikasy. (2021). *Ekologicheskiy kodeks Respubliki Kazakhstan* (No. 400-VI ZRK) [Ecological Code (No. 400-VI ZRK)]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/adilet/K2100000400>

Rodrik, D. (2009). Industrial Policy: Don’t Ask Why, Ask How. *Middle East Development Journal*, 1(1), 1–29. <https://doi.org/10.1142/S1793812009000024>

Subkhonberdiev, A. Sh., Kamynina, A. A. (2024). *ESG approach in the tourism sector*. *Manager of the Year–2024*, 211. www.ecogofond.kz/wp-content/uploads/2024/12/JuRIDIChESKAJa-OTVETSTVENNOST-ZA-JeKOLOGIChESKIE-PRESTUPLENIJa.pdf#page=213

UN Tourism. (2024). *World Tourism Barometer and Statistical Annex, January 2024*. Madrid: UN Tourism. <https://www.unwto.org/tourism-data/world-tourism-barometer>

Авторлар туралы мәлімет:

Рахимжанова Тоты Касеновна – PhD докторанты (1-курс), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: toty.kasenovna@gmail.com).

Тлеубаева Айтөлкын Тлеубайқызы – PhD, туризм кафедрасының доцент м. а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: aitolkyn.t@mail.ru; tleubayeva_at@enu.kz).

Есімжанова Сайра Рафиқиевна – э. г. д., К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетінің менеджмент және бизнес кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: saira_sr@mail.ru).

Юзбашиев Недим – PhD, туризм факультетінің профессоры, Акдениз университеті (Анталья, Түркия, e-mail: Nedimy@akdeniz.edu.tr).

Information about Authors:

Rakhimzhanova Toty Kasenovna – PhD Candidate (1st year), L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: toty.kasenovna@gmail.com).

Tleubayeva Aitolkyn Tleubaikyzu – PhD, Acting Associate Professor, Department of Tourism, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: aitolkyn.t@mail.ru; tleubayeva_at@enu.kz).

Yessimzhanova Saira Rafikhevna – Doctor of Economic Sciences, Professor of the Department of Management and Business of the K. Sagadiyev University of International Business (Almaty, Kazakhstan, e-mail: saira_sr@mail.ru).

Yuzbashioglu Nedim – PhD, Professor, Faculty of Tourism, Akdeniz University (Antalya, Turkey, e-mail: Nedimy@akdeniz.edu.tr).

Сведения об авторах:

Рахимжанова Тоты Касеновна – PhD докторант (1-курс) кафедры туризма, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: toty.kasenovna@gmail.com).

Тлеубаева Айтөлкын Тлеубайқызы – PhD, и. о. доцента кафедры туризма, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: aitolkyn.t@mail.ru; tleubayeva_at@enu.kz).

Есімжанова Сайра Рафиқиевна – д. э. н., профессор кафедры менеджмента и бизнеса, Международный университет бизнеса им. К. Сағадиева (Алматы, Казахстан, e-mail: saira_sr@mail.ru).

Юзбашиев Недим – PhD, профессор факультета туризма, Университет Акдениз (Анталья, Турция, e-mail: Nedimy@akdeniz.edu.tr).

Келін түсті: 2 ақпан 2026 жыл
Қабылданды: 20 наурыз 2026 жыл